

**Қарақия ауданының Жетібай ауылы бойынша өткізілетін жергілікті  
қоғамдастық жиналысының  
ХАТТАМАСЫ № 1**

Жетібай ауылы

02 наурыз 2026 жыл

**Төрағалық етуші:** Бекежан Мерей Сүндетқалиұлы

**Қатысқандар:** Жетібай ауылы әкімі Р. Каратаев, қоғамдық мүшелері:  
Г. Абиханова, Н. Ельбаев, Б. Мангыбаева, және ауыл тұрғындары

**Күн тәртібінде:**

Қазақстан Республикасының Премьер-Министрінің орынбасары –  
Үкімет аппаратының басшысы Ғ. Қойшыбаевтың 15.10.2025 жылғы  
№ 16-02/04-720-2/25-01-15.2 п. 2.4 тапсырмасын орындау мақсатында  
қызмет бабында қаза тапқан қызметкерлердің есімдері ұлықталуы тиіс.

Осыған байланысты, Қазақстан Республикасы мәдениет және спорт  
министрінің 2023 жылғы 1 тамыздағы № 211 «Әкімшілік-аумақтық  
бірліктерге, елді мекендердің құрамдас бөліктеріне атау беру оларды қайта  
атау, сондай-ақ олардың атауларының транскрипциясын нақтылау мен  
өзгерту кезінде тиісті аумақ халқының пікірін ескерту қағидаларын бекіту  
туралы» бұйрығына сәйкес жұмыстардың басталуына «Маңғыстау  
облысының мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасы»  
мемлекеттік мекемесі ықпал етуін сұраған.

**Сөйлеу:**

**1. М. Бекежан – төраға,**

Ауыл бойынша жасалынатын жұмыстардың жұмыс жобасы өте  
орынды.

Әбішов Ержан Серікжанұлы (1976-1997 ж. ж.) 1976 жылы Қазақ КСР,  
Атырау облысы, Ембі ауданы, Құлсары поселкесінде дүниеге келген.  
1994 жылы Қарулы Күштер қатарындағы қызметті № 5515 әскери  
бөлімшесінде бастап, 1996 жылы аяқтаған. Маңғыстау облысы Қарақия  
ауданы ішкі істер бөлімі патрульдік-күзет қызметінің милиционері болған.


**2. Н. Ельбаев – комиссия мүшесі,** Әбішов Ержан Серікжанұлы  
1997 жылғы 24 сәуірде қызметтік міндеттерін атқару кезінде оқыс оқиға  
салдарынан қаза тапқан.

**Шешім етеді:**

Жетібай ауылы жергілікті қоғамдастық мүшелері Қарақия ауданы  
Жетібай ауылының 2-Ауыл шағын ауданы 101-351 үй аралығындағы көше  
атауын – «Ержан Әбішов көшесі» деп атау туралы ұсыныс дұрыс деп

есептейміз және қолдаймыз деп шешті. Шешімнің орындалуын бақылау жасау ауыл әкімі С. Каратаевқа міндеттелсін.

Комиссия төрағасы















М. Бекежан

Хатшы



А. Бекжанова

Қолдаймыз:

Рауанбаев Марат Рахымбаевич   
Айтжанов Машыр   
Картабаева Асем   
Жушбаек Индира   
Ертелева Надежда   
Дейсенулия   
Хасанжолдас А   
Оразов А   
Сыздықов Н.   
Масмангулов Г.   
Мамартова Сейит   
Айманов Р.   
Нуржанова Б. 